**Май ауданында 2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 20/2 қаулысы. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 наурызда N 12-10-94 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 23 мамырдағы N 156/5 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2011.05.23 N 156/5 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 13 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес және ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2010 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы Республика бойынша ең төмен жалақыдан төмен болмауы керек.

3. Аудандық қаржы бөлімі (Д.Б. Қалиақпаров) жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде қоғамдық жұмыстардың қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы "Май ауданында 2009 жылы ақы төлейтін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 40/1 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн

өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Қ.Сарингe жүктелсін.

*Аудан әкімі Е. Әйткенов*

Май ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 20/2 қаулысына қосымша

**2010 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері**

| N | Мекемелердің атауы | Түрлері | Көлемі (мың теңге) | Сұраныс (тұтынушылардан берілген тапсырыс) | Ұсыныс (бекітілген) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Ақшиман селолық округі әкімінің аппараты" ММ | Аймақтарды экологиялық сауықтандыру, көгалдандыру, абаттандырушылық және санитарлық тазарту (ауыл ішіндегі жолдарды қардан тазалау, қоқысты жинап шығару, ағаш-гүлзарлар салу, оларды күнделікті суару, ағаштардың артық бұтақтарын кесу, ақтау, баған тіреулерді ақтау, иесіз қалған ғимараттардың әйнек, есіктерін қалау, қоршауларды, жолдарды, су құбырларын жөндеу), белгіленген әлеуметтік және мәдениет объектілерін жөндеу, қалпына келтіру және құрылысына қатысу, көпшіліккқолды спорт объектілері мен алаңдарының құрылысын жөндеуге қатысу, республикалық және аймақтық қоғамдық компанияларына (қоғамдық пікір сауалдамасы, халық, мал санағына қатысу) көмек көрсету, иесіз бос тұрған белгіленген қоғамдық, | 340,0 | 10 | 10 | Аудандық бюджет |
| 2 | "Ақжар ауылы әкімінің аппараты" ММ | | 476,0 | 14 | 14 | |
| 3 | "Май селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 612,0 | 18 | 18 | |
| 4 | "Қаратерек селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 952,0 | 28 | 28 | |
| 5 | "Майтүбек ауылы әкімінің аппараты" ММ | | 1360,0 | 40 | 40 | |
| 6 | "Қазан селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 782,0 | 23 | 23 | |
| 7 | "Саты селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 680,0 | 20 | 20 | |
| 8 | "Малайсары селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 544,0 | 16 | 16 | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | "Кеңтүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ | әлеуметтік және мәдени объектілерді күзету | 1054,0 | 31 | 31 | |
| 10 | "Көктүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 4535,0 | 73 | 73 | |
| 11 | "Баскөл селолық округі әкімінің аппараты" ММ | | 918,0 | 27 | 27 | |
| | Барлығы: | | 12253,0 | 300 | 300 | |

*Ескерту.* Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға, толық емес жұмыс уақыты режимімен жұмыс істейтін қызметкерлерге еңбекақы төлеу жеке еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК